

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 20 сәуірдегі N 319 қаулысына және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2007 жылғы 31 мамырдағы N 147-ө өкіміне өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 17 шілдедегі N 697 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) "Мемлекет басшысының 2005 - 2007 жылдардағы Қазақстан халқына жыл сайынғы жолдауларын іске асыру жөніндегі негізгі бағыттардың (іс-шаралардың) жалпыұлттық жоспарын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 - 2009 жылдарға арналған бағдарламасын орындау жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 20 сәуірдегі N 319 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2007 ж., N 12, 140-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Мемлекет басшысының 2005 - 2007 жылдардағы Қазақстан халқына жыл сайынғы жолдауларын іске асыру жөніндегі негізгі бағыттардың (іс-шаралардың) жалпыұлттық жоспарын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 - 2009 жылдарға арналған бағдарламасын орындау жөніндегі іс - ш а р а л а р ж о с п а р ы н д а :

реттік нөмірі 323 - жолда :

2-бағандағы "маусым" деген сөз "желтоқсан" деген сөзбен ауыстырылсын;

3 - б а ғ а н д а :

"мамыр" деген сөз "қараша" деген сөзбен ауыстырылсын;

"маусым" деген сөз "желтоқсан" деген сөзбен ауыстырылсын.

2) "Қазақстан Республикасының 2007 - 2015 жылдарға арналған электр энергетикасы саласын дамыту жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2007 жылғы 31 мамырдағы N 147-ө ө к і м і н д е :

көрсетілген өкіммен бекітілген Қазақстан Республикасының 2007-2015 жылдарға арналған электр энергетикасы саласын дамыту жөніндегі іс-шаралар жоспарында:

реттік нөмірі 4-жолдың 5-бағанындағы "маусым" деген сөз "желтоқсан" деген сөзбен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі *К. Мәсімов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК